e.zan
Қазақстан Республикасының электронды нысандағы нормативтік құқықтық актілердің эталонды бақылау банкі
Эталонный контрольный банк нормативных правовых актов Республики Казахстан в электронном виде

Редакциялау күні 17.10.2018
Сақтау күні 29.03.2024
Дата редакции 17.10.2018
Дата скачивания 29.03.2024

Бесқарағай ауданының мәслихаты

Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2017 жылғы 27 маусымдағы № 12/6-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 21 шілдеде № 5132 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 2018 жылғы 17 қазандағы № 29/7-VI шешімімен

Маслихат Бескарагайского района

«Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» Бесқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 26/7-V шешіміне өзгеріс енгізу туралы

Күші жойылған

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Бесқарағай аудандық мәслихатының 17.10.2018 № 29/7-VI шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Заңының 18-бабының 5- тармағына сәйкес Бесқарағай аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. «Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру туралы» Бесқарағай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 30 қыркүйектегі № 26/7-V

«ЗҚАИ» ШЖҚ РМК лауазымды тұлғаның ЭЦҚ мәліметі бар QR-код

ҚР НҚА ЭББ-гі нақты құжатқа сілтеу QR-коды

(нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 3520 нөмірімен тіркелген, «Бесқарағай тынысы» газетінде 2014 жылғы 22 қарашада № 94 санында жарияланған) шешіміне келесі өзгеріс енгізілсін:

1-тармақта:

үшінші абзац жаңа редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек 12500 (он екі мың бес жүз) теңге мөлшерінде берілсін.».

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы **Л. ХАМИТОВА**

Бесқарағай аудандық мәслихатының хатшысы **Қ. САДЫҚОВ**

Құшті жойылған